

Издаётся с 20 декабря 1999 года

# Саран газеті

ЕЖЕНЕДЕЛЬНАЯ ГОРОДСКАЯ ГАЗЕТА

12 апреля  
2024 года  
ПЯТНИЦА  
№ 30 (1630)

ТЕМА НОМЕРА:

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ  
ІЗДЕНІС ПЕН  
ШЫНАЙЫ  
ЕҢБЕКТИҢ ЖЕМИСІ

СТР 3

Читайте нас на сайте [sarangazeti.kz](http://sarangazeti.kz), а также в  [saran\\_today](https://www.instagram.com/saran_today), [saran\\_gazeti](https://www.instagram.com/saran_gazeti)  [sarangazeti](https://www.facebook.com/sarangazeti)

## Қасым-Жомарт Тоқаев қазақстандықтарға және тілеуестік танытқан шет мемлекеттердің басшыларына алғыс айтты



Президент Қасым-Жомарт Тоқаев су тасқынына қарсы күресте көрсеткен қолдауы мен көмегі үшін қазақстандықтарға және шет мемлекеттердің басшыларына ризашылығын білдірді.

«Еліміздің бірқатар өнірінде табиғи апат орын алған сәттен бері менің атыма достас мемлекеттердің басшыларынан жылы лебіздері мен көмек көрсету жөнінде ұсыныстары жазылған хаттар келіп түсіп жатыр. Қазақстан жойқын су тасқыны кезінде жәрдем беруге дайын екенін білдіргені үшін достас елдерге шын жүректен алғыс айтады.

Менің тапсырмам бойынша Премьер-Министр бастаған республика-

лық штаб төтенше жағдайдың салдарын барынша азайту үшін пәрменді шаралар қабылдап жатыр. Зардап шеккен барлық азаматқа қажетті көмек көрсетілуде. Олардың бүкіл шығындары етеледі. Бірде-бір адам назардан тыс қалмайтынын жуырда отандастарыма арналған үндеуімде айттым. Апатқа қарсы күрес жалғасуда.

Қиын-қыстау кезде халқымыз өзін тағы да ең жақсы қырынан танытып, бірлік пен төзімділіктің үлгісін көрсеткені қуантады. Қазақстан азаматтарына шын жүректен алғыс айтамын», – деп жазылған Мемлекет басшысының Instagram парақшасында.

[t.me/aqorda\\_resmi](https://t.me/aqorda_resmi)

## Конкурс на самый лучший двор и район объявили в Сарани



В Сарани в рамках республиканской экологической акции «Таза Қазақстан» проходит конкурс на самый лучший двор и район. Участие в нём могут принять все желающие.

Для этого необходимо в социальной сети Instagram опубликовать фото субботника с хештегом #ТазаСарань и отметить страницу @saran\_today. Материалы на конкурс принимаются до 31 мая.

Участие в конкурсе может принять любой житель, который занимается благоустройством и озеленением территории возле своего дома.

Победителей конкурса определит комиссия. Первого места удостоится тот, кто проявит наибольшую активность в благоустройстве дворовой территории.

[gov.kz](http://gov.kz)

## В Карагандинской области Сарань вышла из числа моногородов

В Карагандинской области в статусе моногорода остаются Темиртау, Балхаш, Шахтинск и Абай. Благодаря работе по диверсификации экономики Сарань выведена из этой категории.

Развитие моногородов области обсудили на аппаратном совещании.

– В Карагандинской области четыре моногорода – это Темиртау, Балхаш, Шахтинск, Абай. Они обеспечивают 57% всей обрабатывающей промышленности области и вложение инвестиций порядка 22 % от общего объёма. Численность жителей – 312 тыс. человек, или 28 % от населения области, – информировала руководитель управления экономики Татьяна Аблаева. – Посредством проведённой масштабной работы по диверсификации экономики город Сарань, где в 2021 году была запущена и успешно функционирует индустриальная зона Saran и реализован ряд крупных якорных проектов, выведен из категории моногородов приказом Министерства экономики РК.

Она отметила, что с 2022 года реализуется Дорожная карта по развитию моногородов.

Ведётся работа по улучшению ин-

фраструктуры. В 2023 году было реализовано 56 проектов. В Балхаше продолжается реконструкция водопроводных и тепловых сетей. Тепловые сети модернизируются в Темиртау, в Шахтинске меняют водопроводные сети.

Одна из главных задач – диверсификация экономики, локализация МСБ вокруг градообразующих компаний, привлечение новых инвесторов.

В моногородах планируют создавать малые промышленные зоны, используя для этого пустующие помещения. В свою очередь местные власти подведут туда недостающую инфраструктуру.

– Для комплексного и дифференцированного развития моногородов, помимо улучшения инфраструктуры, необходимо создавать условия для привлечения инвестиций. Искать точки роста. Способствовать открытию новых производств. При этом не забывать действующие предприятия, где требуется поддержка импортзамещающих производств. Необходимо активно по этой части работать, – подчеркнул аким области Ермаганбет Булжапбаев.

[akimat\\_09](https://www.akimat.kz)

### АФИША МЕРОПРИЯТИЙ ДК С 11 ПО 14 АПРЕЛЯ 2024 ГОДА



11 АПРЕЛЯ 17.00	РЕГИОНАЛЬНЫЙ КУБОК АКИМА ГОРОДА САРАНИ ПО «JAIDARMAN», ЗРИТЕЛЬНЫЙ ЗАЛ ДК, ВХОД СВОБОДНЫЙ
13 АПРЕЛЯ 12.00	ПРАЗДНИЧНАЯ ПРОГРАММА "ДЕТСТВУ - 50!!!", ПОСВЯЩЕННАЯ ЮБИЛЕЮ ОБРАЗЦОВОГО АНСАМБЛЯ ТАНЦА "ДЕТСТВО", ЗРИТЕЛЬНЫЙ ЗАЛ ДК, ВХОД СВОБОДНЫЙ
13 АПРЕЛЯ 17.00	ПРОСМОТР ХУДОЖЕСТВЕННОГО ФИЛЬМА (ПРИКЛЮЧЕНИЯ), ЗРИТЕЛЬНЫЙ ЗАЛ ДК, ВХОД СВОБОДНЫЙ
14 АПРЕЛЯ 15.00	ЦИРКОВОЕ ШОУ "ТАЙНА ДЖЕКА ВОРОБЬЯ", ЗРИТЕЛЬНЫЙ ЗАЛ ДК, ВХОД 1500-2000-2500 ТТ

 @my\_dk\_saran

## РЕФОРМЫ В ДЕЙСТВИИ

## Необходимо навести порядок

Надежда ЦХАЙ

**В начале недели председатель городского маслихата О. Баймаганбетов провел рабочее совещание с услугодателями нашего города, которые предоставляют услуги по вывозу твердо – бытовых отходов.**



В работе совещания приняли участие депутаты городского маслихата, заместитель акима города Д. Арнешев, аким поселка Актас Б. Аканов, члены Общественного совета города, начальник Местной полицейской службы отдела полиции, руководитель отдела жилищной инспекции, представитель отдела жилищно – коммунального хозяйства, пассажирского транспорта,

автомобильных дорог, председатели КСК.

На сегодняшний день в Сарани услуги по вывозу мусора оказывают ИП Мыслицкий и ИП Леликов. Ранее депутаты неоднократно проводили выездные заседания по территории города, в ходе которых состоялся мониторинг контейнерных площадок. Выводы неутешительные, поскольку

город, независимо от районов, грязный. Вывоз ТБО осуществляется нерегулярно, контейнерные площадки – неаккуратные. Поэтому в ходе состоявшегося совещания депутаты задали целый ряд вопросов о том, как наладить работу и навести порядок в этой области. Свои предложения внесли члены Общественного совета и председатели КСК.

Кроме этого подчеркивалось, что с июля прошлого года тариф за вывоз мусора был поднят до 300 тенге с одного человека. Услугодателям были поставлены и определенные условия. Например, такие как, уборка вокруг контейнерных площадок на расстоянии 5 метров, ремонт контейнеров и т.д. Оказалось, эти условия не соблю-

даются.

Также был поднят вопрос и об ответственности самих горожан, которые своевременно не оплачивают услуги, бросают пакеты мимо контейнеров, выбрасывают крупногабаритный и строительный мусор. Как сообщил сотрудник Отдела полиции, в настоящее время проводится оперативно – профилактическое мероприятие по благоустройству и санитарной очистке, и за загрязнение территорий города предусмотрена административная ответственность.

А пока депутаты, обсудив все вопросы. Установили срок – один месяц, чтобы услугодатели устранили недостатки в работе, после чего будет проведен дополнительный мониторинг.



## Рассмотрены вопросы повестки дня

Надежда ЦХАЙ

**В среду состоялось очередное заседание комиссии по делам несовершеннолетних и защите их прав под председательством первого заместителя начальника Отдела полиции г. Сарани Н. Хамитова.**

В ходе заседания были рассмотрены вопросы, касающиеся текущей работы Молодежного ресурсного центра и учащихся, состоящих на внутришкольном учете.

По первому вопросу повестки дня выступила методист городского Отдела образования Е. Горбатова, которая подробно рассказала, что на сегодняшний день на внутришкольном учете состоит 46 человек. С данными ребятами ведется активная работа, в том числе и в сотрудничестве с представителями государственных учреждений, общественных объединений. Так, среди принимаемых мер – вовлечение ребят в активную школьную деятельность, досуговая работа. Также осуществляется контроль и учет пропусков занятий, пробелов в знаниях, поддерживается активная связь с родителями, психологами. С ребятами ведется разъяснительная работа.

По второму вопросу выступил и.о. руководителя Молодежно – ресурсного центра Д. Ныкаш, который остановился на текущей деятельности данного уч-

реждения. Сотрудниками центра проводится активная адресная работа с молодежью, в том числе и подворовые обходы. При этом замечена хорошая динамика. Если в прошлом году было отмечено 783 человека из категории НЕЕТ, то в начале этого года – 102 человека. Ребятам оказывается помощь в трудоустройстве.

В целом, за содействием в трудоустройстве в Карьерный центр обратилось более 700 молодых людей, 678 из них трудоустроены.

Кроме этого, в летний период в нашем городе активно работают отряды «Жасыл Ел», где трудятся ребята из социально уязвимых семей и т.д. Они получают не только хороший трудовой опыт, но и достойную заработную плату, при этом обеспечиваются специальной одеждой и инвентарем. Такие отряды пользуются большой популярностью среди молодых юношей и девушек нашего города. В прошлом году было трудоустроено 120 человек – бойцов «Жасыл Ел». Отмечалось, что работа в данном направлении продолжается.



## БІЛІМ

## ЖҮЛДЕГЕРЛЕР ҚАТАРЫНАН КӨРІНДІ

Дина ӘБДІҒАЛИЕВА

Қарағанды облысының мемлекеттік балалар көркемөнер мектебінің көркемөнер бөлімшелері мен бейнелеу бөлімдері және сәндік қолданбалы көпсалалы қосымша білім беру ұйымының педагогтеріне арналған XII облыстық «Мастер ART» байқауында қалалық балалар өнер мектебінің педагогтері жүлделі орындарға ие болды.

Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы мен №1 балалар өнер мектебі бірлесіп ұйымдастырған дәстүрлі байқауға жан-жақтан келген көркемөнер мектептерінің бөлімдері, бейнелеу студиялары, көркемөнер мектебінің қосымша білім беру педагогтері бақтарын сынаған. Осы жолы қатысушылар «Қарағанды – 90» тақырыбы бойынша шығармашылық композицияларын дайындаған. Көздің жауын алатын әдемі туындыларда Қарағанды қаласының пейзажы, бір ғасырды қамтыған тарихы, сәулет ескерткіштері, шаһар тұрғындары, төрт маусымның түрленуі мен көрікті жерлері бейнеленген.

Саран қаласының балалар өнер мек-

тебінің ұжымы жыл сайын шығармашылық әлеуетін дамыту мен кәсіби біліктілігін арттыру мақсатында облыстық байқауға қатысып тұрады. Биыл да ең үздік жобаларын дайындап, жүлдегерлер қатарынан көрінді.

«Мастер ART» облыстық конкурсының қорытындысы бойынша «Киіз» номинациясында балалар өнер мектебінің қосымша білім беру көркем өнер бөлімінің педагогтері: Гүлсім Сүлейменова II дәрежелі дипломмен, Валентина Филатова III дәрежелі дипломмен, «Графика» номинациясында Айтбай Меруерт II дәрежелі дипломмен марапатталды.

«Мастер ART» байқауына он екінші жыл қатысып келемін. Жыл сай-



ын жүлделі орындарға ие боламын. Осы жолы Қарағанды көмір кен орнын алғаш ашушы, кен білгірі Аппақ Байжановтың еңбегін көз алдыма елестетіп, киізге басу арқылы көрсетуге тырыстым. Үш-төрт күн ішінде жасап шықтым,- деп Гүлсім Сүлейменова байқауға дайындаған шығармашылық жұмысымен бөлісті. Қатысушыларды марапаттау рәсімі

XII облыстық «Өнерлі шебер» шығармашылық шеберлік сабағын өткізу аясында өтті. Бұл шарада да балалар өнер мектебінің бейнелеу өнері сыныбының оқытушылары көзге түсіп, белсенділік танытты.

Сондай-ақ, «Мастер ART» облыстық конкурстың барлық қатысушыларына сертификаттар берілді.

## БІЛІМ МЕН ЕҢБЕК БІРІККЕНДЕ

## ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ІЗДЕНІС ПЕН ШЫНАЙЫ ЕҢБЕКТИҢ ЖЕМІСІ

Дина ӘБДІҒАЛИЕВА

Қалалық балалар өнер мектебінің қосымша білім беру көркем өнер бөлімінің педагогі Гүлсім Сүлейменова «Хас шебер» республикалық фестивалінде қолөнершілер туын жасауға өз үлесін қосып рекордтар кітабына енді.



Астана қаласының «Жастар» сарайында «Хас шебер» фестиваліне еліміздің түкпір-түкпірінен келген мықты шеберлер қатысты. Олар жасаған бұйымдар жәрмеңке мен көрмеде жұрт назарына паш етілді. Көпті таңқалдырған жұмыстардың арасында Қарағанды облысы Саран қаласынан қатысқан Гүлсім Шаймарданқызының киізден және ши тоқудан жасаған бұйымдары да болды. Одан бөлек, шеберлік сабақтар мен дефиле ұйымдастырылған.

Фестивальде қолөнершілер өз қолымен 30x30 өлшемде кестені кестелеп, оған арнайы өзінің таңбасын ойлап табуы керек болатын. Мен ата-бабадан қалған асыл мұраны келешек ұрпаққа жалғастыру мақсатында, ұлттық шапанамыздың пішінін жасап, мирас ретінде ұсындым, - деп атап өтті қалалық балалар өнер мектебінің қосымша білім беру көркем өнер бөлімінің педагогі.

Фестиваль аясында Қазақстанда бірінші рет 300 құрақшы бірігіп ұзындығы 15 метр, ені 6 метр қолөнер шеберлерінің туын жасап, рекорд орнатты.

Гүлсім Сүлейменова – білім

саласында 36 жылдық тәжірибесі бар білікті мұғалім. Қалалық балалар өнер мектебінде қызмет етіп жүргеніне 14 жыл болды. Осы уақыт ішінде шәкірт тәрбиелеп, қолданбалы қолөнерін үйретіп, киіз басу, ши тоқу өнерін насихаттап келуден бір шаршамаған. Керісінше, соңынан еріп келе жатқан жастардан шабыт алып, ұлттық құндылықтарды дәріптеп, жыл сайын өзінің тәжірибесін шыңдау үстінде. Мәселен, биыл Алматы қаласында өткен халықаралық «Шығыстың шеберлері» атты Қазақ-Қырғыз кәсіби суретшілері, көркем еңбек пәнінің мұғалімдері мен этно-арт дизайнерлерінің симпозиумында көрмедегі үздік туындысы үшін арнайы дипломмен марапатталып, Қазақстан Этно-дизайнерлер одағының мүшесі атанып отыр. «Ұстаздан шәкірт озар» демекші, оқушылары да жүлделі орындардан көрініп, жеңістерімен қуантуда.

Қазіргі таңда шығармашылыққа жақын жүретін, өнерді сүйетін педагог Астана қаласында өтетін «Оқу-тәрбие үрдісінде білім алушылардың бойында ұлттық құндылықтарды қалыптастыру» тақырыбында болатын халықаралық форумға дайындық үстінде.

## МАМАНДАРДЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ ШАРАЛАРЫН ІСКЕ АСЫРУ ҮШІН БЮДЖЕТТІК КРЕДИТТЕРДІ БЕРУ, ПАЙДАЛАНУ ШАРТТАРЫ МЕН РӘСІМДЕРІН САҚТАУ АУДИТІ

Қарағанды облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті мемлекеттік аудит пен қаржылық бақылаудың негізгі қағидаттарының бірі – ашықтықты іске асыру мақсатында аудиторлық іс-шараларды ұсыну шарттары мен тәртібін сақтау мәселесі, аудиторлық іс-шаралардың нәтижелері және мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыруға республикалық бюджеттен несие беру арқылы бюджеттік кредиттерді пайдалану бойынша облыстың 4 экономика және қаржы бөлімінде, оның ішінде «Бұқар жырау ауданының экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесінде, «Осакаров ауданының экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесінде, «Нұра ауданының экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесінде, «Шет ауданының экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесінде жүзеге асырылғанын хабарлайды.

Тексеріске 2020-2023 жылдарға арналған бюджет қаражатының жоғарыда аталған мақсаттарға пайдаланылуы қамтылды.

Тексерумен қамтылған бюджет қаражатының жалпы сомасы 2 444 135,2 мың теңге, тексеріс қорытындысы бойынша жалпы сомасы 856 517,2 мың теңгеге бұзушылықтар анықталды, бұл аудитпен қамтылған соманың 35 пайызын құрайды.

Анықталған бұзушылықтардың жалпы сомасынан мемлекеттік бюджетке өтеуге жататын қаржылық бұзушылықтар 69 934,2 мың теңгені құрады.

Жоғарыда көрсетілген бұзушылықтар көтермелеу жәрдемақысын алған жекелеген мамандардың денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт, агроөнеркәсіптік кешенде, ауылдық, кенеттік әкімдіктерде қызмет жасайтын мемлекеттік қызметшілеріде және басқа да салалардағы мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын көрсету туралы келісімнің талаптарын бұза отырып, көтермелеу жәрдемақысын алған. Келісімнің шарттары бұзылып, белгілі бір мерзімге жұмысқа тұруға келген жекелеген мамандар көтермелеу жәрдемақысын алған, осыған байланысты алған көтерме жәрдемақылары мемлекеттік бюджетке қайтарылуға жатады.

Жоғарыда көрсетілген 69 934,2 мың теңге бұзушылықтардың бүгінгі күні 23 103,9 мың теңгесі бюджет қоржынына өтеліп қайтарылды, процедуралық бұзушылықтар 786 583,0 мың теңгені құрады.

Белгіленген мерзімде жұмыс істемеген бір маманға қатысты 6 айға бөліп, 150,3 мың теңге көлемінде жәрдемақыны өтеу кестесі құрылды, 7 маманға қатысты сомаларды мемлекеттік бюджетке қайтару бойынша төленетін жәрдемақы бойынша сот ісі қозғалды, 2 маман ауылдық жерлердегі жұмысы бойынша қалпына келтірілді, бір социалистпен дау сот ұйғарымымен медиация тәртібімен реттелді, 4 маманға сомаларды қайтару туралы хабарлама жіберілді.

Аудиттің қорытындысы бойынша 3 лауазымды тұлға тәртіптік жазаға тартылды.

Сонымен, «Бұқар жырау ауданының экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі 225 130,0 мың теңге сомасында бюджеттік бағдарлама бойынша шығыстар көлемін айқындау және нақтылық сияқты бюджет жүйесінің қағидаттарының сақталуын қамтамасыз етпеген, бюджеттік кредиттер беру үшін әлеуметтік сала мен

агроөнеркәсіптік кешеннің жекелеген мамандықтар бойынша мамандарға жыл сайынғы қажеттілігі, әрбір облыста бос жұмыс орындарының болуы, жаңа жұмыс орындарын құру қажеттілігі туралы талдаулар мен ақпараттар, жыл сайынғы түзетулермен алдағы үш жылға арналған болжаммен жасалмаған. Алайда, жоғарыда аталған заң бұзушылық мемлекеттік бюджет қаражатының жұмсалынуына әсер еткен жоқ.

«Осакаров ауданының экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі 10.02.2020ж. № 23-22/06-08-16/7 Тапсырма шарты, 01.04.2021ж. № 23-22/06-08-16/7 Тапсырма шарты, 28.03.2022ж. № 22-42-14/7257 Тапсырма шартының талаптарын бұзып, тиісінше «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ және «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ белгісі бар төлем құжаттарының түпнұсқасын, олар есепті айдан кейін ай сайын Сенім білдірушіге қабылдау-тапсыру актісі бойынша Сенім білдірушіге берілуге жататын, сондай-ақ Қарыз алушылардың жалпы санын, қаржы жылында берілген несиелер сомасын көрсететін көрсетілген қызмет актілерін аудитке ұсынбаған.

«Нұра ауданының экономика және қаржы бөлімі» ММ 04.12.2008ж. № 95-IV Бюджет кодексінің талаптарын, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 29.11.2017ж. № 790 «Қазақстан Республикасындағы Мемлекеттік жоспарлау жүйесін бекіту туралы» қаулысын бұза отырып 2022 жылғы 018 013 «Мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыруға арналған бюджеттік кредиттер». Республикалық бюджеттен несиелер есебінен» бюджеттік бағдарламасының Нұра ауданына келген 11 әлеуметтік сала мамандарын қамтамасыз етуге тікелей және түпкілікті нәтижелеріне қол жеткізілмеген.

Денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға, кент, ауылдық округ әкімі аппаратының мемлекеттік қызметшілеріне әлеуметтік қолдау шараларын көрсету туралы келісімдердің бұзылу салдарынан, «Шет ауданы әкімінің аппараты» ММ (Әкімші), алушылар мен «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ, «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ арасындағы 2020-2022 жылдар аралығындағы жасалған ауылдық елді мекенінде жұмыс істеу және тұру туралы 13 маман өз міндеттерін орындамаған және Шартта белгіленген мерзімде – денсаулық сақтау, білім беру және спорт ұйымдарында кемінде 3 жыл жұмыс істемеген, сол себепті 15 жыл мерзімге тұрғын үй сатып алуға бөлінген бюджеттік несиелер бюджетке 47 832,0 мың теңге сомасында мемлекеттік бюджетке қайтарылуға жатады.

Аудит нәтижелері бойынша денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарды, ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген ауыл, қала, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілеріне әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну қағидаларын сақтау, жоғарыда аталған санаттағы мамандарды есепке алу бойынша жұмысты ұйымдастыру және елді мекендердің жай-күйін Сенімді агентпен бақылайды.

**Г. Кулатаева,  
Сәйкестік аудиті  
бөлімінің басшысы**

## АУДИТ СОБЛЮДЕНИЯ УСЛОВИЙ И ПРОЦЕДУР ПРЕДОСТАВЛЕНИЯ, ИСПОЛЬЗОВАНИЯ БЮДЖЕТНЫХ КРЕДИТОВ ДЛЯ РЕАЛИЗАЦИИ МЕР СОЦИАЛЬНОЙ ПОДДЕРЖКИ СПЕЦИАЛИСТОВ

Департамент внутреннего государственного аудита по Карагандинской области в целях реализации одного из основных принципов государственного аудита и финансового контроля – гласность информирует о результатах аудиторских мероприятий по вопросу соблюдения условий и процедур предоставления, использования бюджетных кредитов для реализации мер социальной поддержки специалистов за счет кредитов из республиканского бюджета, осуществленных в 4-х отделах экономики и финансов области, в том числе в ГУ «Отдел экономики и финансов Бухар-Жырауского района», ГУ «Отдел экономики и финансов Осакаровского района», ГУ «Отдел экономики и финансов Нуринаского района», ГУ «Отдел экономики и финансов Шетского района».

Проверке подвергнуты вопросы использования бюджетных средств на вышеуказанные цели за 2020г. - 2023гг.

По результатам аудита, которым охвачены бюджетные средства в общей сумме 2 444 135,2 тыс. тенге, нарушения установлены на общую сумму 856 517,2 тыс. тенге, что составляет 35% от охваченной аудиторской суммы.

Из общей суммы выявленных нарушений финансовые нарушения, подлежащие возмещению в доход государственного бюджета, составили 69 934,2 тыс. тенге.

Вышеуказанные нарушения связаны с тем, что отдельные специалисты получившие подъемные пособия, не отработали предусмотренный условиями соглашений о предоставлении мер социальной поддержки специалистам в области здравоохранения, образования, социального обеспечения, культуры, спорта и агропромышленного комплекса, государственным служащим аппаратов акимов сел, поселков, сельских округов прибывшим для работы и проживания в сельский населенный пункт срок, в связи с чем полученные ими подъемные пособия подлежат возврату в доход государственного бюджета.

Из вышеуказанной суммы нарушений 69 934,2 тыс. тенге в настоящее время возмещено и восстановлено 23 103,9 тыс. тенге, нарушения процедурного характера составили 786 583,0 тыс. тенге.

В отношении одного специалиста, не отработавшего предусмотренный срок, составлен график погашения подъемного пособия на сумму 150,3 тыс. тенге с разбивкой на 6 месяцев, в отношении 7 специалистов начаты судебные разбирательства о возврате сумм подъемного пособия в доход государственного бюджета, 2 специалиста восстановились по работе в сельской местности, с одним социалистом определением суда урегулирован спор в порядке медиации, 4 специалистам направлены уведомления о возмещении сумм.

По результатам внутреннего аудита 3 должностных лица объектов аудита привлечены к дисциплинарной ответственности.

Так, ГУ «Отдел экономики и финансов Бухар-Жырауского района» не обеспечено соблюдение таких принципов бюджетной системы, как реалистичность и определение объема расходов по бюджетной программе на сумму 225 130,0 тыс. тенге на выдачу бюджетных кредитов произведено при отсутствии анализа и сведений о ежегодной потребности в специалистах социальной сферы и агропромышленного комплекса по определенным специ-

альностям, наличия вакансий в каждой сфере, потребности в создании новых рабочих мест с прогнозом на ближайший три года с последующей ежегодной корректировкой. Вместе с тем вышеуказанное нарушение не повлияло на освоение средств государственного бюджета.

ГУ «Отдел экономики и финансов Осакаровского района» в нарушение Договора поручения от 10.02.2020г. №23-22/06-08-16/7, Договоров поручения от 01.04.2021г. №23-22/06-08-16/7, Договоров поручения от 28.03.2022г. №22-42-14/7257 не представлены к аудиту оригиналы платёжных документов с отметкой соответственно АО «Фонд финансовой поддержки сельского хозяйства», АО «Аграрная кредитная корпорация», которые ежемесячно после отчётного месяца подлежали передаче поверенным агентом доверителем по акту приёма-передачи, а также акты оказанных услуг с отражением общего количества заёмщиков, сумм выданных кредитов в финансовом году.

ГУ «Отдел экономики и финансов Нуринаского района» в нарушение Бюджетного кодекса от 04.12.2008г. № 95-IV, постановления Правительства Республики Казахстан от 29.11.2017г. №790 «Об утверждении Системы государственного планирования в Республике Казахстан» в 2022 году не достигнуты прямые и конечные результаты бюджетной программы 018 013 «Бюджетные кредиты для реализации мер социальной поддержки специалистов. За счет кредитов из республиканского бюджета» по закреплению соответствующим 11 специалистов социальной сферы, прибывших в Нуринаский район.

В нарушение соглашений о предоставлении мер социальной поддержки специалистам в области здравоохранения, образования, социального обеспечения, культуры, спорта и агропромышленного комплекса, государственным служащим аппаратов акимов сел, поселков, сельских округов, прибывшим для работы и проживания в сельский населенный пункт заключенных между ГУ «Аппарат акима Шетского района» (администратор), получателями и АО «Аграрная кредитная корпорация», АО «Фонд финансовой поддержки сельского хозяйства» за период с 2020-2022 гг. 13 специалистов не исполнили принятые на себя обязательства и не отработали установленный соглашением срок – не менее 3 лет в организациях здравоохранения, образования и спорта и тем самым, бюджетные кредиты на приобретение жилья сроком на 15 лет подлежали возврату в государственный бюджет в сумме 47 832,0 тыс. тенге в бюджет.

По результатам аудита даны рекомендации по соблюдению Правил предоставления мер социальной поддержки специалистам в области здравоохранения, образования, социального обеспечения, культуры, спорта и агропромышленного комплекса, государственным служащим аппаратов акимов сел, поселков, сельских округов, прибывшим для работы и проживания в сельские населенные пункты, организации работы по учету вышеуказанной категории специалистов и мониторингу состояния расчетов с поверенным агентом.

**Г. Кулатаева,  
Руководитель отдела  
аудита соответствия**

## БІЛІМДІ ЖАСТАР - ЕЛ БОЛАШАҒЫ

## «Enactus» жастардың дамуына жол бастаушы – білім берудегі өзгерістердің 1000 көшбасшысы



Enactus - бұл белсенді студенттерді, академиялық және іскери көшбасшыларды біріктіретін, әлемнің 35 елінде көшбасшылық пен кәсіпкерлікке үйрететін халықаралық коммерциялық емес ұйым.

Enactus Қазақстан - қазіргі таңда жаңа өмірге қадам басқан колледж студенттерімен мектеп оқушыларының арасында, өте қатты танымал болып келе жатқан әлемдік жастарға жаңа және жарқын болашақ ашатын ерекше жоба.

Enactus тарихы тереңде 20-ғасырдың 2-жартысында, АҚШ студенттерінің бастамалығымен бизнеске қызығушылығы

бар студенттер арасында, БҰҰ-ын жақсартуды мақсат етіп ашылған, бұл жоба қазіргі таңда әлемнің түкпір-түкпірінен бизнеске қызығушылығы бар студенттердің басын қосып әлемді жақсартуға себепкер болуға шақыратын, елеулі жобалардың біреуі және бірегейі.

Ал осындай ерекше ауқымды жобада Қазақстанмен біздің қосар үлесіміз қандай?

Қазіргі жастардың арасында осы Enactus жобасы қандай рөл атқарады?

Enactus жобасы Қазақстанға тек 1995 жылы ғана келген, бірақ соған қарамастан Қазақстандық студенттер, әр жыл

сайын Әлемдік аренада «World Cup» турнирлерінде өздерінің жарқын идеяларын ұсынып қана қоймай, «World Cup» турнирінің қола жүлдесін, бірнеше рет мойындарына тағып келген. Қазіргі таңда Enactus жобасы аясында, Қазақстанның 20 облысы аясында, әр жыл сайын жаңадан 12 000-нан астам студент пен оқушы қатысып, осы Enactus Kazakhstan командасының бір мүшесі болуды арман етеді. Қазақстанның 150-ден астам оқу орны осы жобаны өз оқу орнында дамытуды мақсат еткен және осы оқу орындарының ішінде біздің Абай Құнанбаев атындағы Саран жоғары гуманитарлық-техникалық колледжі жобаны дамыту үшін бар жағдайды жасауда. Тағы да бір айта кететін жайт, Enactus Kazakhstan еліміздің 120-дан астам елеулі компаниясымен келісімшартқа отырған.

Колледжіміздің командасы педагогика-психология пәндерінің оқытушысы, эдвайзер Маженова С.С. жетекшілігімен «Enactus Saran jastary» командасы қазіргі таңда түрлі іс-шараларға қатысып, жүлделі орындарға ие болып жатыр. Командада бизнеске қызығатын 13 студент жиналған. Команданың қазіргі мақтасы – Ұлттық кубокқа шығу. Сол үшін де қазіргі таңда барын салып, жоба жасап, әлеуметтік желілерінде дамытып, ашылғанына аз болса да осыған дейін екі

жоба жасап, Алматы қаласына екі рет барып, еліміздің елеулі командаларымен араласып, тәжірибе алмасып, білмегендерін толықтырып, алдағы болатын Ұлттық кубоктың іріктеу турниріне сақадай сай дайындықпен жұмыс жасап жатыр.

«Enactus Saran jastary» командасы қаңтар айының 15-20 аралығында өткен «ENACTUS KAZAKHSTAN WINTER CAMP-2024» қысқы лагеріне барып, жаңа ортада, жаңа таныс пен жаңа идеялар тауып, өздерін Enactus Kazakhstan командасының бір мүшесі екенін сезініп, бұл үлкен жауапкершілік екенін түсініп, өз-өздеріне есеп бергені мені қуантады. Осы Enactus Kazakhstan жобасының аясында студенттер өздері жасаған жұмыстарының арқасында, еліміздің тек бизнесмені ғана болып қоймай дана, әрі дана көшбасшы болуды да, еңбек пен күш-жігер соңында ақталатынын аңғартып тұр.

Enactus Kazakhstan - бұл жай ғана ақша табу немесе әлемді жақсартатын жоба емес, бұл жоба еліміздегі жас таланттарды әлемдік деңгейге жеткізетін жоба.

**Өркен Сансарбек,  
Абай Құнанбаев атындағы Саран  
жоғары гуманитарлық-  
техникалық колледждің  
Қтә9-21 тобының  
студенті**

## АКТУАЛЬНО

## Техника безопасности при работе с минеральными удобрениями и пестицидами

К работе с минеральными удобрениями и пестицидами не допускаются лица моложе 18 лет, мужчины старше 50 лет, женщины 50 лет, не прошедшие медицинский осмотр и инструктаж по технике безопасности. Продолжительность рабочего дня для лиц, работающих с удобрениями, регламентируется нормативными актами. Лица, работающие с минеральными удобрениями, должны знать:

- основные свойства минеральных удобрений;
- правила обращения с ними и меры индивидуальной безопасности;
- название и содержание выполняемых работ;
- устройство машин для внесения минеральных удобрений;
- назначение предохранительных приспособлений, обеспечивающих безопасность работы;
- правила пожарной безопасности;
- правила использования средств индивидуальной защиты;
- способы оказания первой помощи пострадавшим.

Приготовление тукосмесей должно производиться на специальных площадках, расположенных рядом с минеральными удобрениями. Неиспользованные тукосмеси по окончании работ должны сдаваться на склад, установки и площадки тщательно очищаются от остатков удобрений. Сточные воды, образующиеся при влажной уборке площадки, должны отводиться на очистные сооружения, для подкормки различных сельскохозяйственных культур. При хранении и применении удобрений необходимо соблюдать следующие правила:

- не допускать хранения минеральных удобрений вблизи отопитель-

ных и нагревательных приборов и токопроводящей сети, не хранить на складах минеральных удобрений легковоспламеняющиеся горючие вещества.

Для работы с пестицидами персонал должен пройти предварительный медицинский осмотр. К работе с пестицидами допуск лиц без спецодежды и табельных защитных приспособлений запрещается. Все работы должны выполняться под непосредственным руководством главного агронома хозяйства. С работающими должен быть проведен инструктаж с записью в журнале по технике безопасности о токсических свойствах пестицидов, а также о личной и общественной безопасности при работе с ними. Вблизи от мест работы с пестицидами, но вне зоны обработки ими, должна быть вода в закрытых емкостях для питья и умывания, умывальник, мыло и полотенце, аптечка с медикаментами первой необходимости. На местах работы и дорогах, проходящих через обрабатываемые поля, должны быть установлены таблички с предупреждающими надписями. Выпас скота вблизи места не допускается, а на обработанных площадках разрешается не раньше, чем 25-30 дней после обработки.

Обработку посевов следует проводить в утренние и вечерние часы в безветренные дни при температуре воздуха 20-22\*С.

По окончании работ остатки пестицидов должны быть немедленно отправлены на место постоянного их хранения, мешки сжигаются, тара сдаваться на химбазы.

**Т.Маханова,  
государственный инспектор  
по защите и карантину растений**

## Порядок ввоза подкарантинной продукции растительного происхождения



В связи с приближением посевных и посадочных работ, доводим до сведения сельхозтоваропроизводителей города, что при заключении договоров на поставку семенного и посадочного материала на территорию Республики Казахстан необходимо получить от уполномоченного органа информацию о карантинных фитосанитарных требованиях, по предупреждению ввоза карантинных объектов и обеспечить выполнение условий ввоза.

Ввозимая подкарантинная продукция перевозится по территории Республики Казахстан в крытых или изотермических, исправных и опломбированных контейнерах, герметичных упаковках, вагонах, автофургонах, авторефрижераторах и на других видах грузовых транспортных средств.

Подкарантинная продукция, а также транспортные средства ввозятся на территорию Республики Казахстан свободными от карантинных объектов и чужеродных видов согласно перечню карантинных объектов и чужеродных видов, по отношению к которым устанавливаются и осуществляются мероприятия по карантину растений.

В пунктах назначения подкарантинной продукции проводится вторичный карантинный фитосанитарный контроль и надзор. Владелец подкарантинной продукции уведомляет территориальное подразделение о прибытии подкарантинной продукции любым доступным способом и предъявляет подкарантинную продукцию для осуществления карантинного фитосанитарного

контроля и надзора на месте назначения, доставки не позднее одного рабочего дня, следующего за днем прибытия.

Без предъявления фитосанитарного сертификата национальных служб стран-экспортеров не допускается ввоз подкарантинной продукции на территорию Республики Казахстан.

Межобластные перевозки подкарантинной продукции осуществляются при наличии карантинных сертификатов, выдаваемых государственным инспектором по карантину растений территориального подразделения уполномоченного органа через портал.

В случае, если перевозчик отказывается предъявлять подкарантинную продукцию для проведения государственного карантинного фитосанитарного контроля и надзора, то она подлежит возврату в страну-экспортер за счет средств ее владельца.

В случае непредставления ввозимой подкарантинной продукции для проведения вторичного карантинного досмотра в пункте ее назначения, а также осуществление межобластных перевозок подкарантинной продукции без карантинного сертификата предусмотрена административная ответственность в порядке пп.2, пп.12, пп16 п.1 ст.400 КоАП РК.

По имеющимся вопросам обращаться по адресу г.Сарань, ул.Жамбыла, 65, тел.: 73932.

**Т.Маханова,  
государственный инспектор  
по защите и карантину растений**

Құрметті Саран қаласы және Ақтас кентінің тұрғындары!  
Сіздерге сәуір айында Саран қаласы мен Ақтас кентінде «Қарызсыз қоғам» жобасы - халықтың қаржылық сауаттылығын оқыту басталатынын қуана хабарлаймыз.

Оның мақсаты – азаматтарға қаржылық және құқықтық көмек көрсету, қаржылық сауаттылықты арттыру, банктік қарыздар мен микрокредиттер бойынша проблемалық берешекті реттеуге жәрдемдесу. Жобаның операторы – «AMANAT» партиясы.

Оған кез келген адам қатыса алады. Оқыту толықтай тегін жүргізіледі.

Оқыту топтарда күндізгі форматта өтеді. Оқу мерзімі - бес күн: түске дейін жалпы бағдарлама – міндетті курс, түстен кейін – қатысушының қалауы бойынша жеке практикалық кеңестер. Курсты аяқтау қорытындысы бойынша барлық тыңдаушылар тиісті сертификат алады.

- 1-кезеңде 4 топ оқытылады:
- Саран қаласында:
- 1 топ: 2024 жылғы 1-5 сәуір;
- 2 топ: 2024 жылғы 8-12 сәуір;
- 4 топ: 2024 жылғы 22-26 сәуір.
- Ақтас кентінде:
- 3 топ: 2024 жылғы 15-19 сәуір.

Курстан өтуге жазылу үшін «AMANAT» партиясының жергілікті филиалына (Ленин даңғ. 7, тел.: 74871, 8 775 1675724) немесе Саран қаласының ауыл шаруашылығы, жер қатынастары және кәсіпкерлік бөліміне (Жамбыл көш., 67, тел.: 74030), Ақтас кенті әкімінің аппаратына (Кржижановский 27, тел.:55024) жүгіну қажет. Немесе qogamfn.kz сайтында онлайн өтініш беріңіз.

Уважаемые жители города Сарани и поселка Актас!  
Рады сообщить вам, что в апреле в городе Сарани и поселке Актас будет дан старт проекту «Қарызсыз қоғам» — обучение финансовой грамотности населения. Его цель – оказание гражданам финансовой и правовой помощи, повышение финансовой грамотности, содействие в урегулировании проблемной задолженности по банковским займам и микрокредитам. Оператором проекта выступает партия «AMANAT».

Участвовать в нем может любой желающий. Обучение проводится совершенно бесплатно.

Обучение будет проходить в очном формате в группах. Срок обучения - пять дней: до обеда общая программа – обязательный курс, после обеда – индивидуальные практические консультации по желанию участника. По итогам окончания курсов все слушатели получают соответствующий сертификат.

- В 1 этапе будет обучено 4 группы:
- в городе Сарани:
- 1 группа: 1-5 апреля 2024 года;
- 2 группа: 8-12 апреля 2024 года;
- 4 группа: 22-26 апреля 2024 года.
- в поселке Актас:
- 3 группа: 15-19 апреля 2024 года.

Для записи на прохождение курса, необходимо обратиться в местный филиал партии «AMANAT» (пр. Ленина, 7, тел.: 74871, 8 775 1675724), либо в Отдел сельского хозяйства, земельных отношений и предпринимательства города Сарани (ул. Жамбыла, 67, тел.: 74030), аппарат акима поселка Актас (Кржижановского, 27, тел.: 55024). Либо подать заявку онлайн на сайте qogamfn.kz.

**АДАМ САТУДАН САҚТАНЫҢЫЗ**

**ОСТЕРЕГАЙТЕСЬ ТОРГОВЛИ ЛЮДЬМИ**

ШЕТЕЛГЕ НЕМЕСЕ БАСҚА ҚАЗАҚСТАН ҚАЛАСЫНА ҚАУІПСІЗ ШЫҒУ ЖӘНЕ ЖҰМЫСҚА ОРНАЛАСУ СҰРАҚТАРЫ БОЙЫНША КЕҢЕС АЛУ ҮШІН ҚОҢЫРАУ ШАЛ!

ТЕГІН, АНОНИМДІ ТӘУІК БОЛЫ. БЕСПЛАТНО, АНОНИМНО, КРУПНОСУТОЧНО.

ПОЗВОНИ И ПОЛУЧИ КОНСУЛЬТАЦИЮ ПО ВОПРОСАМ БЕЗОПАСНОГО ВЫЕЗДА И ТРУДОУСТРОЙСТВА ЗА ГРАНИЦЕЙ И В ДРУГОМ ГОРОДЕ КАЗАХСТАНА!

11616 ҚЫЗЫЛ БАҒЫТ

11616 ГОРЯЧАЯ ЛИНИЯ

**АНТИКОР**

Агентство Республики Казахстан по противодействию коррупции (Антикоррупционная служба)

**ЕСЛИ ВЫ СТОЛКНУЛИСЬ С КОРРУПЦИЕЙ, ЗВОНИТЕ ПО НОМЕРУ**

CALL-ЦЕНТР **1424** ЗВОНОК БЕСПЛАТНЫЙ

#НЕДАВАЙВЗЯТКИ #ПАРАБЕРМЕ

**\*РЕКЛАМА \*ОБЪЯВЛЕНИЯ\***

Продается 2-этажный коттедж с мебелью и бытовой техникой. В доме – центральная канализация и водопровод. На территории двора уложена брусчатка, есть беседка на 12 человек с коваными столами и скамьями, камин из шамотного кирпича, огород, теплица. Котельная расположена вне дома, установлен котел «DAKON» (пр-во Чехия), очень экономичный. Фасады дома, котельной, хоз. построек отделаны сайдингом. Реальному покупателю – торг. Если телефон недоступен, пишите в ватсап. Все вопросы по номеру: 8 – 701 – 615 – 89 – 75.

В ГУ «Отдел образования города Сарани» действует **телефон доверия: 5-06-01** по профилактике суицида несовершеннолетних.

**\* ТРЕБУЕТСЯ \* \* ТРЕБУЕТСЯ \***

На предприятие требуются: контролер ОТК, сборщики РТИ, прессовщики, вальцовщики, электрогазосварщики, электрики, разнорабочие. При необходимости возможно обучение на базе самого предприятия. Заработная плата выплачивается своевременно + полный соц. пакет. Обращаться: г.Сарань, ул. Чкалова 2/4 (возле сауны «Эдем») 5-21-71, 87026552338.

ТОО «Sunpaper» требуются операторы,водитель погрузчика, грузчик. Звонить по номеру: 8-775-282-90-18.

**\* КУПЛЮ \* КУПЛЮ \***

Монеты, значки, открытки и банкноты СССР, не ходовые (старого образца) банкноты тенге. Т.: 8-701-715-60-49.

Фарфоровые статуэтки, игрушки и «сувенирные» машинки СССР. Т.: 8-776-134-52-30.

Продаю дрова. Пилено-рубленные в мешках. Тел: 8 707-306-39-14, 8 707-236-53-62.

**УСЛУГИ \* УСЛУГИ \* УСЛУГИ \* УСЛУГИ \***

Уголь, шлам, песок, балласт. Грузоперевозки. Т.: 5-29-98, 8-705-251-70-92.

Реставрация подушек, сухая чистка с заменой наперника, дезинфекция клещей ультрафиолетом. Ул. Победы, 32. Т.: 8-747-703-48-50, Ирина.

Предлагаю профессиональный ремонт имп. ТВ, холодильников, стир. маш.-автомат, микр. печей. На дому, с гарант. Т.: 8-777-396-81-27

Все виды ремонта квартир, электрик-сантехник-плотник. Т.: 8-771-372-56-88, 8-702-359-46-02.

Организация изготовит все виды ограждения: из проф.листа, металлическое, железобетонное. Также: ворота, калитки, решетки, мусорные баки, скамьи, мангалы и т.д. тел.: 87014051538, 87772332168, 8(72137)7-27-47. г.Сарань, ул. Рабочая, 22б.

**\* АРЕНДА \* АРЕНДА \***

Сдается в аренду торговая площадь с возможностью поставить бутик. г.Сарань, ул.Победы, 70, маг. «Нургуль». Т.: 8-701-405-15-38, 8(72137)7-27-47.

**ДОМА**

Срочно продается дом. Т.: 5-19-21.

Благоустроенный 3-к особняк по ул. Шахтерская, варианты обмена на 2-к кв. Цена - 10,5 млн. тенге. Т.: 8-702-906-46-80.

Продается дом на 5 кв., 80кв.м, по улице Жамбыла, благоустроенный, 3-комн. окна пластиковые, потолки гипсокартон, натяжные гараж, дровник, кессон, смородина, крыжовник, яблоня и т.д. Цена - 25 млн тенге. Т.: 8-701-474-84-48.

Дом. п. 106, цена 9 млн.тг, торг уместен. Т.: 8-702-632-78-55

**МЕСТО ВАШЕЙ РЕКЛАМЫ**

**3-КОМНАТНЫЕ**

3-к кв. по ул Жамбыла 71. Т.: 8-747-401-39-66

**2-КОМНАТНЫЕ**

2-к кв, пр. Ленина 12, 3 этаж, 63 кв. метра. Т.: 8-747-368-25-27



## МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ САЯСАТЫ



### Қазақ тілінің тағдыры, елімізде туып – өскен өзге ұлттарда емес, қазақ халқының өз қолында

Ұлттың ең басты, ең қасиетті сипаты – оның ана тілі. Конституциямыздың жетінші бабының бірінші тармағында Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл – қазақ тілі деп анық жазылған. Біздің азаматтық парызымыз – тіл заңындағы талаптарды жүйелі түрде жүзеге асыру.

Тіл байлығын, олардың құрамындағы сөз саны емес, оның қолданысы анықтайды. Сөйлегенде тіліңнен бал тамып, тыңдаушыны өзіне баурап алу үшін, тіл байлығын керемет, сөздік қорың мол болуы тиіс. Тілсіз, қоғам өмір сүре алмайды, тіл қоғам бар жерде ғана пайда болып, дамиды. «Қазақстан Республикасындағы Тілдер туралы» Заңында «Қазақстан халқын топтастырудың аса маңызды факторы болып табылатын мемлекеттік тілді меңгеру – Қазақстан Республикасының әрбір азаматының парызы» – делінген. Тіліміздің мәртебесін көтеру үшін біз әлі де болса еңбектенуіміз қажет. Ғасырлар бойы тәуелсіздігімізді аңсап, өзге ұлттардың көлеңкесінде жүрдік. Ана тіліміздің тағдыры қыл үстінде болды. Ата – ба-

баларымыздың аңсаған армандарына жетіп, тіліміздің мәртебесін көтереміз дегенде, ағылшын тілі қосылды.

Әрине, қазіргі заман талабына сай жастарымыз үш тілді жетік меңгеруі қажет. Дегенмен де, өз тілінде шорқақ сөйлеп, өзге тілде сайрайтын адамдар қаншама. Қазіргі заманда ата – бабаларын білмейтін, Абайды оқымайтын, Ахметті танымайтын жастарымыз кездесіп жатады. Осы кезде Мұхтар Әуезовтің «Қазақ мектебіндегі бала келешекте қай мамандыққа барам десе де, ең алдымен өзінің ана тілін, әдебиетін сүйюі шарт. Сол сүйюді орта мектеп табалдырығын аттаған соң да, мамандық, білім беретін жоғары оқу орнына ауысқанда да асыл қасиетіндей сақтауы керек», – деген сөзі ойға келеді. Сондықтан да басқа елдің тілін үйреніп, оны жетік білсек де, өз тілімізді құрметтеу біздің басты міндетіміз. Қазақ тілінің тағдыры, елімізде туып – өскен өзге ұлттарда емес, қазақ халқының өз қолында.

**Ж.Джумашева,  
Саран қаласының  
полиция бөлімі**

## ПОДПИСКА

**ИНДИВИДУАЛЬНАЯ:**  
ГОДОВАЯ - 4000 ТГ.  
ПОЛУГODOВАЯ - 2000 ТГ.  
ТРИ МЕСЯЦА - 999 ТГ.




### 4 ЖАСТАН АСҚАН БАЛАЛАРДЫ КАРАТЭ СЕКЦИЈАСЫНА ҚАБЫЛДАУ БАСТАЛДЫ ОТКРЫТ НАБОР ДЕТЕЎ ОТ 4-Х ЛЕТ В СЕКЦИЈУ КАРАТЭ

**Жаттықтыру жоспарына/  
В тренировочный план входят:**

- ТҰРАҚТЫ ЖАТТЫҒУЛАР  
РЕГУЛЯРНЫЕ ТРЕНИРОВКИ
- ӨЗІН-ӨЗІ ҚОРҒАУ ДАҒДЫЛАРЫ  
НАВЫКИ САМООБОРОНЫ
- ОҚУ-ЖАТТЫҒУ ЖИЫНДАРЫ  
УЧЕБНО-ТРЕНИРОВОЧНЫЕ СБОРЫ
- БАЗАЛЫҚ ЖӘНЕ ӘСКЕРИ ТЕХНИКАНЫ ҮЙРЕНУ  
ИЗУЧЕНИЕ БАЗОВОЙ И БОЕВОЙ ТЕХНИКИ
- БЕЛБЕУДІ ҚОРҒАУҒА АТТЕСТАЦИЯ  
АТТЕСТАЦИЯ НА КВАЛИФИКАЦИЈУ ПОЈАСА
- ТҮРЛІ ДЕҢГЕЙДЕГІ САЙЫСТАРҒА ҚАТЫСУ КІРЕДІ  
УЧАСТИЕ В СОРЕВНОВАНИЯХ РАЗЛИЧНОГО УРОВНЯ

**БІЗДЕН ЧЕМПИОНДАР ШЫҒАДЫ!  
МЫ ВОСПИТЫВАЕМ ЧЕМПИОНОВ!**

**ТЕГІН** **БЕСПЛАТНО**

ТОЛЫҚ АҚПАРАТ 8 777 698 01 80 ТЕЛЕФОНЫ БОЙЫНША  
ПОДРОБНАЯ ИНФОРМАЦИЯ ПО ТЕЛЕФОНУ: 8 777 698 01 80



**Алаяқтықтың жаңа түрі!  
Алаяқтар өздерің  
“Билайн орталығының  
қызметкері” деп таныстырып,  
SIM-картаңыздың жарамдылық  
мерзімі аяқталып жатқаны  
туралы сылтаумен  
SMS-кодтарды сұрайды.  
Ешкімге кодтарды айтпаңыз  
және әңгімені дереу  
тоқтатыңыз!  
Есте сақтаңыз,  
SIM-карталардың жарамдылық**



**Новый вид мошенничества!  
Мошенники представляются  
«Сотрудниками Билайн-центра»  
и просят продиктовать СМС-код  
под предлогом что у Вашей  
SIM-карты истекает срок действия.  
Никому не сообщайте код  
и немедленно завершите звонок!  
Помните, что у SIM-карты  
НЕТ СРОКА ГОДНОСТИ!**

**Саран  
газеті**

Директор  
ТОО «Саран  
тынысы»,  
главный редактор  
Б.Е. МАЙПАСОВА

Газета зарегистрирована  
в Министерстве  
информации и  
коммуникаций  
Республики Казахстан.  
Свидетельство 16307-Г  
от 18.01.2017 г.  
(номер и дата первичной  
постановки на учет  
№ 869-Г, 16.09.1999 г.)

Собственник:  
ТОО «Саран  
тынысы»

Адрес  
редакции:  
101200  
г. Сарань,  
ул. Жамбыла, 69/1  
Тел., факс: 5-10-15  
sarangazeti@mail.ru

Выходит  
два раза в  
неделю,  
форматом А3  
Тираж 1016

Газета  
набрана  
и сверстана  
в редакции

Распространяется  
по подписке и в розницу  
в г. Сарани и пос. Актас

Отпечатано в ТОО  
“Типография “Арко”  
100009  
г. Караганда,  
ул. Сатпаева, 15

Печать офсетная.  
Заказ № 30

Опубликованные матери-  
алы не всегда отражают  
точку зрения редакции.  
Ответственность за  
достоверность сведений,  
содержащихся в публика-  
циях и рекламном тексте,  
несут авторы публикаций  
и рекламодатели.